

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану есебінен өндірілетін электр энергиясына тарифтерді салыстырып талдау үшін мемлекеттер тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 16 мамырдағы № 188-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 мамырда № 9471 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 29 қарашадағы № 432 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 432 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысымен бекітілген Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану есебінен өндірілетін электр энергиясына тарифтерді салыстырып талдау үшін мемлекеттер тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауына жіберуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

Қоршаған орта және су
ресурстары министрінің
2014 жылғы 16 мамырдағы
№ 188-ө бұйрығына
қосымша

**Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану есебінен өндірілетін
электр энергиясына тарифтерді салыстырып талдау үшін
мемлекеттер тізбесі**

№	Жел электр станциялары	Күн энергиясын фото электрлік өзгертуші	Кіші су электр станциялары	Биогаз қондырғылары
1	Дания	Дания	Дания	Дания
2	Германия	Германия	Германия	Германия
3	Италия	Италия	Италия	Италия
4	Нидерланды	Испания	Нидерланды	Нидерланды
5	Испания	Түркия	Испания	Испания
6	Болгария	Украина	Болгария	Болгария
7	Түркия	Индия	Түркия	Түркия
8	Украина	ОАР	Украина	Украина
9	Қытай	Ұлыбритания	Индия	Индия
10	Индия	АҚШ (Гавайи, Калифорния, Нью-Йорк, Орегон, Вермонт)	ОАР	ОАР
11	ОАР	Бельгия	Ұлыбритания	Ұлыбритания
12	Ұлыбритания	Қытай	АҚШ (Гавайи, Нью-Йорк)	АҚШ (Нью-Йорк)
13	АҚШ (Гавайи, Нью-Йорк, Вермонт)	Болгария	Бельгия	Бельгия
14	Бельгия	Бразилия	Бразилия	Бразилия
15	Бразилия			
16	Финляндия			